Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған Мукушева Куралай Сериковнаның «XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзі: ұлттық дүниетаным және «дала» концепті» атты диссертациясы туралы

ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Диссертацияның өзектілігіне байланысты ең алдымен бірнеше факторларды атап өткенді жөн көреміз:

Біріншіден, мәдениетке, мәдени әралуандылыққа негізделген дүниетаным, ұжымдық дүниетаным немесе ұлттық бірегейлік мәселесін қарастыру әсіресе, бір топқа немесе қауымға қатысты дүниетаным мен олардың бірегейлігін зерттеу әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы өте өзекті тақырыптардың бірі. Себебі бүгінгі таңда қоғамдық қатынастағы «мен» концепциясы мен ұжымдық «біз» концепцияларын зерттеу саясаттану, әлеуметтану, антропология тіпті психология сынды ғылыми салаларды тұтастай қамтитын салмақты тақырып. Осы тұрғыдан алғанда диссертанттың ұжымдық «біз» категориясы аясында «дала» концептін зерттеу нысаны етіп алу бұл жұмыстың басты жаңалығы деуге болады.

Екіншіден, осы «дүниетаным» мен «бірегейлік» концептерін басылым беттерінде жарияланған көсемсөз арақылы қарасытыру қазақ журналистика тарихы тұрғысынан да құнды дүние болары сөзсіз. Себебі, қазақ көсемсөзі дала мәдениетінен нәрленіп, халықтық журналистиканың негізін қалаған болатын.

Үшіншіден, XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары сол кездегі оқиғаларға объективті түрде баға беріп, текті тарих пен дегдар аргументацияға сүйенуі арқылы ұлттық бірегейлікті насихаттады. Сол кездегі индустрияланған қоғамнан кері қалып қоймауы үшін көшпелі қазақ жұртын елдік теңдік пен жердің тұтастығын сақтай отырып, отырықшы мәдениетке шақыру жолдарын дәріптеу мақсатында баспасөз беттерін қолдану методикасын зерттеу де бүгінгі күннің зәру мәселесі.

Төртіншіден, Патшалы ресей империясы ыдырап кеңестер одағы құрылғалы жатқан тұста ақын-жазушылар мен баспагерлердің мақсат-мұратынан туған көсемсөзді зерттеген. Ондағы өзектілігі жоғары мәселелерді ұлттық дүниетаным категориясы салып, «дала» концепті мазмұнында зерттеу де диссертациялық жұмыстың маңыздылығын көрсетеді. Докторант бұл кезеңді процестік, динамикалық тұрғыдан қарастырған.

Бесіншіден, зерттеу нысаны болып отырған дәуірдің қазақ зиялыларының шығармашылығындағы ерекшеліктер жан-жақты талданып, сараланады. Қаламгерлер ой-санасындағы парадигмалар ауысымының қазақ көсемсөзіне ықпалы, көсемсөзшілердің жанрлық мәтіндеріндегі сонылықтар, тың ой орамдары мен сараптамалық, талдамалы зерттеулері, шешендік өнері мен көркемдік, суреткерлік әлемі тұтастай ашылып, ғылыми-теориялық тұрғыдан тұжырымдалады.

2. Диссертацияның ғылыми нәтижелері және оның негізделуі.

Зерттеу «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінде» көрсетілген талаптар деңгейінде жүзеге асырылған және осы талаптарға толық жауап береді.

Жұмыстың құрылымын анықтамалар, кіріспе, үш тарау және қорытынды құрайды.

Ізденуші тарапынан төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген:

Бірінші нәтиже. XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзінің дамуы мен халықтың саяси сауаттануына Алаш зиялыларының қосқан үлесі сараланған;

Екінші нәтиже. Ұлттық көсемсөз кеңістігіндегі дүниетаным мәселелерін анықтаған және публицистердің жанрлық мәтіндеріндегі өткен мен бүгін бірлігінің траекториялары анықталған;

Үшінші нәтиже. Қазақ көсемсөзінің жаңа дәуір өрісіндегі ғылыми-танымдық, тарихи, ұлттық құндылық ретіндегі сипаты ашылған.

Төртінші нәтиже. XX ғасырдың басында публицистиканың, публицистердің азаматтық, прагматикалық ойлары қазіргі заман үрдістермен ұштастырылған. Белгілі этнограф, философ, ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің көсемсөздегі салмақты еңбегі айтылады.

Бесінші нәтиже. XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзіндегі ұлттық дүниетаным мәселесі мен «Дала» концепті ұғымы алғаш рет ғылыми тұрғыда жете қарастырылды.

Алтыншы нәтиже. XX ғасыр басындағы көсемсөз жанрының даму ерекшеліктері ұлттық педагогика мен философия және психология, этнология, лингвистика негіздерімен тығыз ұштастырылып қарастырылды.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Ізденуші өзінің диссертациялық жұмысында әрбір ғылыми нәтижені, қорытындылар мен тұжырымдарды негіздеуде мемлекеттік бағдарламалар және заңнамалық құжаттармен қатар, отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді орынды қолдана білген. Олардың шынайылығы мен дәйектелуін былайша тарқатып айтуға болады:

1. Жұмыста айтылған ой-пікірлердің, жасалған тұжырымдардың айқындылығы, нақтылығы бұл диссертация мазмұнының негізділігін анықтап, сапасын арттырады. Сондай-ақ ізденуші ғылымда қалыптасқан түрлі тұжырымдар мен ғылыми-теориялық еңбектерді орынды пайдалана отырып, бүгінгі қазақ журналистикасы тарихы мен теориясы, тәжірибесі деңгейіндегі талаптарға сай тұжырымдар ұсынған. Диссертациялық жұмыста

тұжырымдалған нәтижелерге М. Әуезов, Д. Лихачев, М. Қозыбаев, Б. Кенжебаев, Т.Амандосов, Ү. Сұхбанбердина, Н.Омашев, Б.Жақып, К.Қамзин, Г.Сұлтанбаева, Қ.Асанов т.б. еңбектері, сондай-ақ, М. Ж. Көпеев, А. Байтұрсынұлының, М. Жұмабаевтың, Ә. Бөкейхановтың М. Дулатұлының шығармалар жинақтары мен салаға қатысты жазылған шетелдік ғалымдардың соңғы зерттеулері негіз етілген.

2. Ұлттық дүниетаным аспектісі ретінде XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзін қарасытрады. Сол кездердегі Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Міржақып Дулатов ж.т.б сынды қайраткерлердің еңбектері арқылы олардың елдің дамуы мен халықтың саяси сауаттануына қосқан сүбелі еңбектеріндегі «дала – қазақ жері – қазақ елі» атты үш категориядан тұратын «үш бұрышты» тезиз ұсынады. Ағартушылық мазмұндағы ұлттық дүниетанымдық көзқарас бірлігін, қазақ дүниетанымындағы рухани-этнологиялық, әдеби-мәдени тың ізденістер және «Дала – еркіндік – азаттық» ұғымдарының тұтастығын қарастырған және Алаш қайраткерлерінің шығармаларына талдау жасай отырып, мәтіндеріндегі саяси ұстанымдары мен көзқарас ерекшеліктерінің көріністерін ұсынған.

3. «Дала» концептісі ұғымына қатысты тілдік бірліктер мен семантикалық ерекшеліктерді анықтаған. Сонымен қатар, осы бағыттағы ізденістерді жалғастыра отырып «Дала» концептісіне қатысты тарихи-танымдық деректер, пайымдар мен ғалымдардың ойларын Алаш зиялыларының шығармаларымен ұштастыра білген.

4. «Дала» концептісінің семантикалық сипаты мен лингвомәдени өрісін зерттеу барысында «Дала» концептісін анықтау үшін кеңістік пен уақыт катергориялары тұрғысынан қарастырады. Ол үшін қазақтардың кеңістік пен уақыт өлшемдеріне қатысты айтқан тұжырым-пайымдарын ұсынады. Сонымен қатар, батыстық мәдениет әсіресе, француз менталитетіндегі кеңсітік пен қашықтыққа қатысты айтылған ойларын қазақтың «дала» ұғымымен салыстырады. Қазақ көсемсөзіндегі «Дала» концептісін құптайтын немесе қолдайтын тұрақты тіркестер мен тілдік бірліктер қолданысына талдау жасайды.

5. «Дала» концептісінің «ұлы дала елі» ұғымына ұласуын сабақтай келе дәстүр сабақтастығы мен жаңашылдыққа негізделген «Рухани жаңғыру» бағдарламасына («Туған жер») баға береді. «Дала» концептісімен сабақтастыра отырып, қазіргі ұрпақтың ұлттық ойлау жүйесін қалыптастыру жолдарына сараптама жасайды. «Дала» концепті мен «Рухани Жаңғыру» идеологиясының ұлттық дүниетанымды қалыптастыруда алатын орнын зерделейді.

6. Алаш мұраты және МәшһүрЖүсіп Көпейұлы феноменіне оның шығармашылығына заманалы көзқарас тұрғысынан талдау жасайды. Шығармалары талданады.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық нәтижесі.

Бірінші ғылыми нәтиже – жаңа; өйткені диссертацияда қазақ көсемсөзіне қатысты және Алаш зиялыларының шығармаларына ұлттық дүниетаным тұрғысынан жаңа тұжырымдар жасалған.

Екінші ғылыми нәтиже – салыстырмалы түрде жаңа; XX ғасыр басындағы Алаш қайраткерлерінің еліміздің жалпы тарихи-мәдени құндылықтарын дамытудағы ағартушылық, қайраткерлік қызметі ұлттық мұраттармен тұтастықта қарастырылып, өзіндік ой-тұжырымдар жасалған. Алаш зиялыларының сол кездегі қоғамның рухани жетілуіне бағытталған ізгі мұраттары мен ұлттық тарихи-мәдени құндылықтарды дамытудағы тұлғалық болмыстары бұған дейін де анықталған.

Үшінші ғылыми нәтиже – ішінара жаңа; көсемсөз жанрларының болмыс-бітімінің ерекшеліктері айқындалған. диссертацияда көсемсөзге қатысты бұған дейінгі зерттеушілер анықтаған. Дегенмен Алаш зиялыларының жанрлық мәтіндеріндегі ұғымдар, атаулар мен идеяларына дүниетаным категориясы тұрғысынан алғаш қарастырылып жатыр.

Төртінші нәтиже жаңа болып табылады;Көсемсөз материалдарының экономикаға, саясатқа, мәдени, ұлттық, адамгершілік ұстанымдарға қатыстылығы журналистика мен тілдің қоғаммен байланысын көрсетеді, біріне бірінің ықпалын, көмегін интеграциялы түрде зерттеу ғылымға жаңа мүмкіндіктер береді. Бұл да зерттеудің өзектілігін айқындай түседі. Диссертацияда XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзіндегі ұлттық дүниетаным көрінісі мен «Дала» концепті ұғымы алғаш рет ғылыми тұрғыда пайымдалып, бұл құндылықтардың тарихи-танымдық ерекшеліктері зерттеу бағытымен, нәтижелерімен ұтымды ойлар арқылы тың пайымдаулармен сараланған.

Бесінші нәтиже жаңа болып табылады; Себебі, елімізде қолға алынған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы алғаш рет зерттеу нысанына енгізіліп, «Дала» концептісі мұраттарымен тығыз ұштастырыла зерттелген. Еңбектің басты нысанының бірі болған «Дала» концептісінің семантикасын құрайтын тілдік бірліктердің құрылымдық таңбасының ғылыми-теориялық тұжырымдары жасалған, осы «Дала» концептісіне байланысты лексеманың этимологиялық түсініктемесіне айшықты сипаттама берілген.

Алтыншы нәтиже ішінара жаңа болып табылады; XX ғасыр басындағы көсемсөз дамуының өзіндік ерекшеліктерін ұлттық философия, педагогика, психология, этнология, тіл білімі негіздерімен сабақтастыра зерттеу бұған дейін де жүргізілген.

Жетінші нәтиже де жаңа екенін айту керек, қазақ көсемсөзіндегі ағартушылық мұраттардың көрініс беруі тұрғысында Мәшһүр Жүсіп Көпеев мұрасына жете назар аударылып, ұлттық дүниетанымдағы орнына оңды баға берілген.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Диссертацияда жинақталған ғылыми түйіндерді, іріктелген тұжырымдар мен байыптауларды журналистика саласында, көсемсөзде, ішінара басқа да пәндер аясында қарастыруға болады. Мысалы, тарих,

әлеуметтану, мәдениеттану және т.б. салаларда қолдануға, сондай-ақ «Ұлы дала» концептілерін анықтауда, «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асырудың мақсат, міндеттеріне сәйкес келеді.

6. Автордың даралық принципі, диссертация жұмысының ішкі бірлігінің сақталуы.

Диссертант зерттеу нысанын айқындап алғаннан кейін алдына осы мақсатқа жететін нақты міндеттерді қоя білген. Диссертацияның мазмұны тақырыптың мәнін толығымен ашады, зерттеудің мақсаты мен міндеттері орындалған, қорғауға ұсынылған қағидалар, ғылыми жаңалықтар мен нәтижелер өзара сабақтастық пен логикалық байланысты сақтаған.

Негізгі көсемсөздік ерекшеліктері мен әлеуметтік мәні мен қызметінің ғылыми тұрғыда танылуы, дереккөздері, проблеманың теориялық және практикалық мәселелері нақты сабақтастықта жүйеленген. Жалпы айтқанда, аталмыш диссертацияның ішкі бірлігі қажетті деңгейде деген ойдамыз.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Жұмыстың негізгі мазмұны мен қорытындылары тиісті талаптарға толық сәйкес келеді. Ғылыми ізденіс барысында отандық және шетелдік басылымдарда, түрлі халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда баяндамалар жасалып, 12 ғылыми мақала жарияланған. Оның ішінде скопус (Scopus) базасына енетін нөлдік емес, импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымда 1 мақала, ҚР БҒБ Білім және ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 5 мақала, отандық, шетелдік халықаралық конференциялар басылымдарында 6 мақала және халықаралық журналда 1 мақала жарық көрген.

8. Диссертацияның мазмұнындағы және ресімделуіндегі кемшіліктер.

Диссертациялық жұмыста мынадай жекелеген кемшіліктер бар:

1. Тақырыпты ашу үшін алға қойған мақсаттың, міндеттердің айқынырақ рәсімделуін атауға болады;

2. Зерттеуші зерттеу объектісін қандай теориялық парадигма тұрғысынан қарастырғаны белгісіз. Ұлттық дүниетаным, ұлттық бірегейлік және концепт немесе концепция теорияларындағы көзқарастарды қарастырмаған. Сондай-ақ, медиа және коммуникация теориялары да көрініс таппаған;

3. Жұмысты қандай әдістермен (зерттеу методтары) зерттегені айқын емес немесе әлсіз.

4. Жұмыста ғылыми стиль жетілдірілмеген. Көп жағдайда публицистикалық сарын басым.

6. Диссертация кіріспесінде зерттеу жұмысының негізгі нәтижелерінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануын растайтын мақалалар көрсетілмеген;

9. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

«XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзі: ұлттық дүниетаным және «дала» концепті» атты зерттеу тақырыбы өзекті, Қазақстан Республикасы БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келетін, журналистика сласының теориясы мен практикасының одан әрі дамуына айтарлықтай үлес қоса алатын, аяқталған жұмыс деп есептеуге болады. Жоғарыда аталғандардың негізінде жұмыстың авторы, ізденуші Мукушева Куралай Сериковнаның 6D050400 – Журналистика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін қорғауға лайық және ресми қорғауға жіберуге болады.

Сарапшы: Сулейман Демирел университеті, әлеуметтік ғылымдар кафедрасының меңгерушісі, PhD, ассистент-профессор **М.Х. Саудбаев**